

Шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі халықаралық және республикалық мақсатты бағдарламаларды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қоғамдық үйлестіру кеңесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 17 ақпан N 250. Қаулының күші жойылды - 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі халықаралық және республикалық мақсатты бағдарламаларды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қоғамдық үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1436 қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі халықаралық және республикалық мақсатты бағдарламаларды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қоғамдық үйлестіру кеңесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 17 ақпандағы

N 250 қаулысымен

бекітілген

Шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі халықаралық және республикалық мақсатты бағдарламаларды ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қоғамдық үйлестіру кеңесі туралы ереже Жалпы ережелер

1. Қоғамдық үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады және шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі халықаралық және республикалық мақсатты бағдарламаларды

ұйымдастыру және өткізу үшін құрылған.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

Кеңестің негізгі міндеттері

3. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) денсаулыққа, жеке адамға және қоғамға түзелмейтін зиян келтіретін қоғамдағы әлеуметке жат мінез-құлықтың нысандары ретіндегі шылым шегудің, нашакорлықтың, уытқұмарлықтың, маскүнемдіктің (әсіресе, жастардың арасында) проблемалары мен құбылыстарын зерделеу; зиянды әдеттерге қарсы әрекеттердің әртүрлі баламалары мен нысандарын іздестіру, зерделеу және ө м і р д е қ о л д а н у ;

2) мемлекеттік, қоғамдық, халықаралық және діни ұйымдардың, қорлардың шылым шегу және басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күресу жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыруды үйлестіру және өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыруға қатысу болып табылады.

Кеңестің функциялары

4. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерге байланысты заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес міндеттеріне сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамалық-құқықтық базасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

2) ел Президентінің Қазақстан халқына "Қазақстан-2030" Жолдауында, "Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасында белгіленген халықты тиімді сауықтырудың, салауатты өмір салтының басымдықтарын белгілейді;

3) шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі бағдарламалардың мониторингін жүзеге асырады, талдау нәтижелері бойынша оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне есептер дайындайды;

4) шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі бағдарламалар кезеңдерінің орындалуын талдауды жүзеге асырады.

Кеңестің құқықтары

5. Кеңес заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес мәселелері жөніндегі заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар ұсынуға;

2) шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуге қатысуға және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынуға;

3) мүдделі министрліктермен, агенттіктермен, ведомстволармен және ұйымдармен бірлесіп, шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі бағдарламаларды іске асыру кезеңдерін талдауды жүзеге асыруға;

4) бұқаралық ақпарат құралдарын, білім беру ұйымдарын, мәдени және діни ұйымдарды тарта отырып, көпшілік іс-шараларын, ақпараттық науқандарды ұйымдастыруға және өткізуге;

5) шылым шегу мен басқа да зиянды әдеттердің алдын алу және олармен күрес жөніндегі бағдарламалардың міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ететін құралдарды тартуға;

6) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, оның ішінде халықаралық ұйымдардан тиісті ақпарат сұратуға;

7) Кеңестің жұмысына мемлекеттік басқарудың мүдделі органдарының өкілдерін, шаруашылық қызметтің, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың субъектілерін тартуға құқылы.

Кеңестің жұмысын ұйымдастыру

6. Кеңестің қызметін Төраға басқарады, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады және Кеңес жүзеге асыратын қызметке жауапты болады. Төраға болмаған кезде, оның функцияларын орынбасары орындайды.

7. Кеңестің дербес құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

8. Кеңес шешімдері ұсынымдық сипатқа ие.

9. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

10. Кеңестің мәжілістері қажеттілікке қарай, бірақ кемінде жылына 2 рет өткізіледі.

11. Кеңестің шешімдері ашық дауыс берумен, сондай-ақ факсимильдік байланыс (телеконференция) арқылы қабылданады және егер олар үшін Кеңес мүшелерінің, не Кеңес мәжілісіне қатысып отырған олардың өкілдерінің жалпы

санынан көпшілік дауыс берілсе, қабылданған болып саналады.

Дауыстар тең болған жағдайда, ол үшін Төраға дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

12. Кеңес шешімдерінің нәтижелері бойынша Төраға, не оның орнындағы адам (телеконференция жағдайында - хатшы) қол қоятын хаттама жасалады.

Кеңес мүшелерінің жазбаша түрде баяндалуы тиіс ерекше пікірі болуға құқығы бар.

13. Кеңестің қызметін тоқтату заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.